

Іс-қызметін қайта
жандандырды
2-бет



Жауапты мамандық
иелері
3-бет



Новоберезовканың
тұлпарлары
6-бет



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 34 (7918)
Жұма,
19 тамыз 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

★ РЕСПУБЛИКАДА

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИНМЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин G20, ТМД мемлекеттері басшыларының кеңесі және Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында өтетін алдағы кездесулерге дайындық барысын қарастырды. Мемлекет басшысы Сочи қаласына шақырғаны үшін В.Путинге алғыс айтып, оның Ресей өңірлерін дамыту жолындағы қажырлы еңбегін атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаев екіжақты ынтымақтастықтың қарқынына ризашылығын білдіріп, оны Қазақстанның ілгерілетуе түсуге ниетті екенін айтты.

– Біздің қарым-қатынасымыз саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да үлгі етуге лайық деп санаймын. Осы жылдары Қазақстанның мен Ресейдің 6 мың бірлескен кәсіпорны құрылып, интеграциямыздың өмірде нақты іске асқанын көрсетті. Алдағы Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумына үлкен үміт артамын. Оның экономикалық тұрғыдан маңызды кездесу екенін білемін, осыған орай көптеген жобалар әзірленуде. Қазіргі мәселелер біздің үкіметтеріміз арқылы шешімін табуда. Елдеріміздің міндеті – осындай қиын жағдайда әрдайым бірге болу және бір-бірімізге көмектесу. Достық, ынтымақтастық мен өзара көмек туралы шартқа және ХХІ ғасырдағы тату көршілік пен одақтастық туралы шартқа негізделген Қазақстан-Ресей қарым-қатынасы тұрақты болып қала береді. Қазақстан мен Ресей сенімді көрші әрі әріптес болып саналады және барлық мәселелерді өркениетті елдердегі үлгі бойынша шешеді. Ресейдің Түркиямен қарым-қатынасы жақсарып келе жатқанына қуаныштымын, – деді Қазақстан Президенті.

В.Путин Қазақстан Президентінің Ресей-Түркия қарым-қатынасын қалыпқа келтіру жолындағы қайрат-жігері үшін алғыс айтып, жағдайды реттеудегі бітімгерлік миссиясын атап өтті.

– Көріп отырғанымыздай, бұл қадам жемісті болды. Біз көптеген жылдар бойы бірегей ынтымақтастық қарым-қатынасымыз бен өзара іс-қимылымыз орныққан достас Түркиямен толық форматтағы қарым-қатынасты қалыпқа келтіруге риясыз ұмтылыс жасап отырмыз. Түркия Президенті Р.Ердоғанның Ресейге соңғы сапары екіжақты байланыстарды қалыпқа келтіру ғана емес, оны дамыту жөнінде де біздің толыққанды жұмыс жүргізуге ниетті екенімізді дәлелдеп берді. Сол үшін Сізге көп рахмет, – деді Ресей Президенті.

Бұдан бөлек, В.Путин Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестіктің барлық бағыт бойынша табысты дамып келе жатқанына назар аударды.

– Әрине, біз экономикада қиындықтарға да кезігіп тұрамыз, әсіресе әлемдік шикізат нарығындағы тұрақсыздық пен валюталық ауытқу жағдайында төмендеу байқалуда. Бұл ретте нақты көлемі жөнінен ол соншалықты көп емес – небәрі 7%. Қазіргі ынтымақтастық тетіктері бізге оны еңсеруге мүмкіндік береді. Ал бізде мұндай тетіктер тиімді жұмыс істеуде, – деді Ресей Президенті.

akorda.kz



Катонқарағайға арнайы іссапармен келген ҚР мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі ШҚО бойынша Департамент басшысы және этика кеңесінің төрағасы Жұмағұлов Тоқтамыс Қадешұлы осы ауылдағы ірі мемлекеттік мекемелердің ұйымдарымен, ауылдық округтің активімен бірнеше кездесулер өткізді. Яғни, ол Катонқарағай ауданы ауданаралық ауруханасында, Катонқарағай МҰТП-де және ауылдық Мәдениет үйінде мекемелер мен ұйымдардың, мектептердің, қоғамдық ұйымдардың басшыларымен, жетекші мамандарымен болған жиындарда елімізде жаңадан қабылданған «ҚР мемлекеттік қызмет туралы» заңның қағидадары жайында кеңінен, түсінікті етіп әңгімеледі.

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей, – деді Тоқтамыс Қадешұлы, – бүгінгі таңда біздің алдымызда тұрған басты мақсат әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіру. Сол үшін де «100 нақты қадам - Ұлт жоспары» жасалды. Осы бағдарламаның алғашқы он бес қадамы мемлекеттік қызметті өзгерте отырып, кәсіби мемлекет құруға арналған. Міне, осының өзінен-ақ ел дамуында мемлекеттік қызметтің өте ерекше қызмет екендігі айқын көрініп тұр. Бұдан былай мемлекеттік қызметке қабылданатын азаматтарға қойылатын талап та күшейеді және де оған қызметшілер тек қана конкурс негізінде алынады. Мемлекеттік қызметке кіруге жоғары білімді, кәсіби деңгейі жоғары, жеке басы бар жағынан үлгілі қазақстанның барлық азаматтары талап

ЕНДІГІ БАҒЫТ - КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ

жұмыс істейтін адамдар жасайды деген түсінік бар. Бұлай ойлайтындар мүлдем қателеседі. Сыбайлас жемқорлыққа кез-келген адам, үлкен лауазым иесінен бастап, қарапайым еңбек адамы, зейнеткерлер де барады. Мәселен, жақында біздің облыста мынандай бір жағдай болды. Еш жерде жұмыс істемейтін бір жүргізуші өзін тоқтатқан жол полициясы қызметкеріне 700 теңге пара беруге әрекеттенген. Оның бұл әрекеті сыбайлас жемқорлықты тудыруға жасалған әрекет деп танылып, бермек болған сомасы екі есептік көрсеткішке



жетпегендіктен, әкімшілік жазаға тартылды.

Бұл жерде Сіздердің мынаны білгендеріңіз жөн: сыбайлас жемқорлықпен күресті әр облыста бір министрлікке қарайтын екі автономды департаменттер жүргізеді. Оның бірі - біздің департамент болса, екіншісі - Ұлттық бюро департаменті. Ол мемлекет қаржысын талан-таражға түсуден қорғайды.

Сөзінің соңында Т.Жұмағұлов билік басындағылар мен лауазым иелерінен қарапайым халықтың мұң-мүддесіне сергектікпен қарауды, тұрғындардың өл-



ете алады. Және де олар қызметке қабылдану алдында заңдылықтарды қандай деңгейде білетіндігі мен кәсіби біліктілігінен тест тапсырып, арнайы комиссия алдынан әңгімелесуден өтеді.

Келер жылы мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларын төлеуде де үлкен өзгерістер күтіп тұр. Енді олар еңбекақыны екі балдық көрсеткіштер бойынша алатын болады. Яғни, оның бірі - лауазымдық міндетіне қарай төленетін еңбекақы болса, екіншісі - біліктілігіне, атқарған жұмыс көлеміне қарай берілетін үстемақы.

Бұдан ары қарай Т. Жұмағұлов өз әңгімесінің арнасын сыбайлас жемқорлықпен күреске бұрды.

–Елемдегі бір де бір ел сыбайлас жемқорлықты түп тамырымен жойып жібере алған жоқ. Әсіресе, бұл кесел жаңадан дамушы елдерде үлкен белең алған. Сондықтан, оны бізге де аз уақыттың ішінде мүлдем жойып жіберу мүмкін емес. Алайда, сыбайлас жемқорлықпен күнделікті батыл күрес жүргізіп, оны барынша азайтуымыз керек. Біздің ұғымымызда сыбайлас жемқорлықты тек қана биліктегі немесе қаржымен

ауқатын түсірмеуді сұрады. Және де бұл құр айтылған сөз емес, мемлекеттік бағдарлама екендігін де атап көрсетті.

Т. Жұмағұловпен болған кездесулердің барлығын Катонқарағай аудандық әкімдігінің аппарат жетекшісі Ринат Құрманбаев ашып жүргізіп отырды. Жиындардың соңында Катонқарағай ауданы ауданаралық ауруханасының директоры А. Қадырбаев, Катонқарағай МҰТП директорының орынбасары Р. Қырықбаева Т. Жұмағұловқа өздеріне келіп, түсінік жұмыстарын жүргізгені үшін зор алғыс айтып, қиын да күрделі қызметіне жеміс тіледі.

Осыдан бір күн бұрын, 13 тамызда аудан орталығында ол білім беру, құқыққорғау органдарының қызметкерлерімен кездесті және аудан активінде Т.Жұмағұлов пен аудан әкімі А.Нұрғожин «Катонқарағай ауданын - сыбайлас жемқорлықтан тыс аймақ ретінде жариялау» туралы меморандумға қол қойды.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.

Іс-қызметін қайта жандандырды

Новополяковка ауылдық округіндегі «Қаражал» шаруа қожалығы 2010 жылы қалалық серіктестігінің банкротқа ұшырауына байланысты, бүкіл техникасынан дерлік айырылған еді. Енді міне, іс-қызметін қайта жандандырған бұл шаруашылық өз округінде ең ірі шаруашылықтардың біріне айналып, мың гектардан астам алқапқа егін егіп, 200 бастан астам ірі-қара малын өсіруде және Бесүй ауылының әлеуметтік мәселелерін шешуге қолғабыс көрсетуде.

Кеңшарлар мен ұжымшарлар таратылған уақытта жаңадан құрылған шаруа қожалықтары басшыларының көпшілігі ірі өндірістік кәсіпорындар сияқты демеушілер табуға тырысатын. Кейбіреулерге бұл тәсіл аяқтарынан нық тұруға ықпал етсе, ал кейбіреулерге, Ерболат Омаров сияқтыларға, керісінше, көп зиянын тигізді.

лы жерлерді өңдейді, 140 бас ірі-қара мен 80 бас жылқы ұстайды, иелігінде 3 комбайн, 8 трактор бар, олардың тең жартысы жаңаланған.

Техника туралы айтсақ, ауданда алғашқылардың бірі болып, «Қаражал» шаруа қожалығы лизингке «Есіл» комбайнын сатып алған. Оның құрал-жабдықтары мен агрегаттары Германияда, Белоруссияда және

болып, қара бидай егу үшін 200 гектар жерді парға қалдырған екен. Тәуекелмен жер өңдеуден тәжірибе жинақтаған қаражалдықтар дәнді дақылдардың ерте пісетін сорттарын егуге тырысқан. Мысалы, олар биылғы жылы қазақстандық селекцияның өнімі – «Лэзат» сортын пайдаланған.

Мұнан өзге, шаруашылықта әрбір дақыл үшін жер телімін шамамен бірдей етіп бөлген, нәтижесінде, бұл телімдердегі өнімді пісу мерзіміне қарай жинауға қолайлы. Мысалы, алдымен бидайды, онан соң арпаны, сұлыны және ең соңында күнбағысты орады. Өйткені, егін орағын да, себу науқанындай дер кезінде, агротехникалық шараларды сақтай отырып жүзеге асыру қажет.

Бұл тұрғыда шаруашылық округтегі «Таулы» шаруа қожалығымен (Қадылбек Әкижановтың шаруашылығы) тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Ауылшаруашылық кәсіпорындарының басшылары бір-біріне техника, жанар-жағар май түрінде қолдау көрсетеді. Мұндай ынтымақтастық заманауи бизнесте ойдағыдай күнкөріске қол жеткізуге ықпал етері сөзсіз.

ШӨП ДАЯРЛАУ

«Қаражал» шаруа қожалығының жұмысшыларына қанша шөп даярлау қажет екендігін көзге елестету үшін, екі нәрсені білу қажет. Біріншіден, Новопо-

лейді Е.Омаров. – Оның шарты бойынша алғашқы 18 айда біз негізгі қарызды емес, тек банктік несие сомасының пайызын ғана өтейміз. Яғни, бағдарламаға қатысушылар үшін «каникул» берілген. Осы уақыт аралығында жылқы басын екі есеге дейін көбейтіп алуға болады.

Екіншіден, шаруашылық жұмысшылары да жеке аулаларында малды көптеп ұстайды. Олардың әрқайсысында 10-15 бастан ірі-қара және осыншама шошқа, бірнеше жұмыс аттары бар. Әрқайсысына шамамен 40 тоннадан шөп әзірлеу қажет. Оларға жемшөп те еңбекақы есебінен өте арзан бағамен босатылады. Ал шаруашылықта тұрақты негізде жұмыс істейтіндер саны он адам болады. Демек, олар үшін кем дегенде 400 тонна шөп әзірлеу қажет. Оған қоса үлескерлер мен көктемгі егістік және күзгі орақ жұмыстарына қосымша жалданатын жұмысшылар бар. Оларға да мал азығын әзірлеу қажет.

Аудан аумағындағы ауылшаруашылық құрылымдарының көпшілігімен салыстырғанда, Ерболат Омаровтың кәсіпорнында жұмыс істейтін механизатор кадрлардың негізгі бөлігін жас жігіттер құрайды. Ұлы Эльдар шаруашылық басшысының таптырмас көмекшісі, ол әскер қатарынан оралған соң, жоғары білім алғанына қарамастан, туған ауылында қалып, еңбек етуді жөн көрді. Ауыл тұрғындары Владимир Высокин, Денис Болтовский, Руслан Тумахов, Ерлан Мамичев өз тракторларымен еңбек етіп, тәжірибелі



- Осыдан алты жыл бұрын болған жағдайды есіме алғым келмейді, кепілдемелік міндеттемелерімізге және бірлесе әрекет ету келісім-шартына сәйкес, біз екі комбайннан және бірнеше доңғалақты тракторларымыздан айырылдық, - дейді шаруашылық басшысы Ерболат Омаров. – Шаруашылықты қайта өркендетуге еңбек ұжымының күш-жігері, шаруашылықтың болашағына деген сенімділік, мемлекеттік қолдау, құнарлы жер мен оны зор біліктілікпен өңдей білу ықпал етті. Қазіргі уақытта, алты жыл бойғы қажырлы еңбектен соң, осылай болғаны дұрыс болған деп ойлаймын. Өйткені, біз қазіргі уақытта қаржы жағынан ешкімге тәуелді емеспіз, не сатып алсақ та, өз еркіміз, ауылдағы әлеуметтік мәселелерді де өзіміз шешеміз. Мысалы, елдімекен ішіндегі жолдардың қысқы күтімімен шұғылданамыз, сондай-ақ, облыстық маңыздағы трассаға дейінгі жолды тазалаймыз. Бұл әрине, соңында ауылдастарыңның өзің туралы жағымды пікірде болсын деген ойдан туындаған әрекет...

Қазіргі уақытта Ерболат Омаровтың шаруашылығы 1200 гектар жыртылма-

Қазақстанда жасалады, ал техниканың өзі Қостанайда жинақталады. «Есілдің» өндірістік қуаттылығы төрт «Ниваға» тең. Оның жатқаларының ені – 7,5 метр, бункеріне 8 тонна дән сияды, егістік алқабында да агрегат жылдам қозғалады, егінді де жылдам әрі таза орады. Кабинасында барлық жағдайлар жасалған: кондиционер, компьютер басқа да қажетті құралдар бар. Бұл комбайн 4 жыл бұрын 26,5 млн. теңгеге сатып алынған.

- Жалпы, біз бұған өте қуаныштымыз, - дейді Ерболат. – Биыл тағы да осындай бір комбайн сатып алмақ болған едік, бірақ, оның бағасы 42 млн. теңгеге жеткен екен. Мұны біздің қалтамыз көтермейді. Оның есесіне, поляқтың тамаша бір агрегатын сатып алдым, ол тез әрі сапалы түрде салмағы 250-280 килограмм болатын шөп түктерін даярлайды.

Таулы жерлерде қар ерте түсетіндіктен, егістік көпшілік жағдайда жиналмай қалады. Осыны ескерген «Қаражал» шаруа қожалығы биылғы жылы күнбағыс алқабын 140 гектарға дейін азайтқан. Қалған алқаптардың барлығына дәнді дақылдар мен қарақұмық сепкен, сынақ жасап көрмек



ляковка ауылдық округінің аумағында жылда қар мөлшері өте қалың болады. Көпшілік жағдайда жайылымдық жерлерді қалыңдығы екі метрге дейін жететін қар басып жатады. Демек, жылқылар тебіндеуге шыға алмайды. Сондықтан, қыстың үш айында жылқылар қорада ұсталады. Және мұндай жағдайда жылқы малы сиырға қарағанда, азықты екі есе артық тұтынады.

Ірі-қара малы үшін де таулы жерлерде жайылым мерзімі, ауданның жазық жерлеріне қарағанда, бір айға таяу уақыт ерте аяқталады. Шаруашылықта ұсталатын 140 бас қазақтың ақбас етті бағыттағы сиырларына қысқы азық мөлшері жеткілікті болуы тиіс. Бұл жануарлар күй талғамайды, бірақ, өзге малдарға қарағанда, азықты көп тұтынады.

Шаруашылықтағы 40 биені Е.Омаров «Құлан» бағдарламасы бойынша жылқы шаруашылығын дамыту мақсатында сатып алған. Сондай-ақ, Алтай өлкесінен асыл тұқымды екі айғыр сатып алды.

- «Құлан» - тиімді бағдарлама, -

механизатор Алтынбек Дүмбелеевтен техникада жұмыс істеуді үйренуде.

Қырман жұмысшылары Өлімхан Қисин, Сырлыбай Қолдаев, дөнекерлеуші Павел Кочетков, жас малшылар Александр Сальников, Архат Қостыбаев және Арман Тұрапов, Мұрат Дәуітов өз істеріне зор жауапкершілікпен қарайды.

...Шілде айындағы шамадан тыс жауған жаңбыр шөп шабу науқанын тамыз айына шегерді. Дегенмен, шаруашылық жұмысшылары қазірдің өзінде қажетті мал азығының 80 пайызын даярлап үлгерді. Бұған әрине, бітік шыққан шөп қана емес, «Қаражал» шаруашылығындағы жұмыстың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы да ықпал етуде.

Ауданда 15 тамыздағы мәлімет бойынша барлығы 91 мың тонна шөп әзірленген, ол қажетті мөлшердің 57,2 пайызын құрайды.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.



14 ТАМЫЗ - МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Жауапты мамандық иелері

Осыдан екі жыл бұрын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Кедендік бақылау комитеті және Салық комитеті қайта ұйымдастырылып, Мемлекеттік кірістер комитеті құрылды. Бір мезгілде, 2014 жылы 14 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігін тарату жолымен, экономикалық және қаржы саласындағы қылмыстарды тергеу бойынша міндеттер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетіне берілді.

Жаңа құрылым бюджеттің кіріс бөлігін толтыру мен әкімшілендірумен қатар, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін экономикалық қылмыспен күресу жолымен қамтамасыз ету өкілеттігімен бөленген. Осылайша,

елімізде жаңа кәсіби мереке – Мемлекеттік кірістер қызметкерлерінің Күні пайда

Мемлекеттік қызмет ісі бойынша Департаментінің басшысы – әдептік Кеңестің төрағасы

салықтар мемлекет бюджетінің негізгі кіріс көзі болып, әлеуметтік-экономикалық

әкімі Ахметқали Нұрғожин құттықтау сөзінде аудан бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ұжымының ұқыпты да сапалы жұмыстары үшін алғыс айтып, барлық қызметкерлер мен олардың жақындарына зор денсаулық, үлкен жетістіктер, аманшылық және бейбітшілік өмір тіледі.

Салтанатты жиын барысында өз қызметтік міндеттерін мінсіз орындағандары үшін бірнеше қызметкерлер Алғыс хатпен және Құрмет грамоталарымен марапатталды. ҚР Қаржы Министрлігі Мемлекеттік кірістер Комитетінің Алғыс хатымен Зиягүл Рамазанова, ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер Департаментінің алғыс хатымен Гаухар Ақатаева, аудан экономикасының дамуына зор үлес қосқаны үшін аудан әкімінің Алғыс хатымен Ботагөз Нүриева, Әсель Мұқамбаева және ұқыпты салық төлеуші ретінде жеке кәсіпкер Дайырбек Мұрзағалиев марапатталды.



болды.

Бұл мерекелік күні Катонқарағай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына ШҚО бойынша

Тоқтамыс Жұмағұлов және аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин келіп, басқарма ұжымын кәсіби мерекелерімен құттықтады. Т.Жұмағұлов өз сөзінде

жағдайды реттеудің тиімді құралы екендігін айтып, салықшылар жұмысының жауапкершілігі мен маңызын ерекше атап өтті. Аудан



Отан үшін, майқан үшін тер төккен заман есі...

«Тылдағы еңбек болмаса, майданда жеңіс те болмас еді» деген хас батыр Бауыржан Момышұлының қанатты сөзі бар. Расында, халықтың тылдағы ерлігі - майдандағы жеңістің орасан зор үлесі. Ел өміріндегі бел-белестерге көз жүгіртсек, Ұлы Отан соғысының отты жылдары еске оралады.

1941 жыл бақытты балалығымен қош айтысып, ерте есейген жанның бірі – Нұрқамза Болаева. Әжей соғысты жақындатуда орасан зор үлес қосқандардың бел ортасында. Отбасындағы ер-азаматтар соғысқа аттанған соң 12 жасар жеткіншек бар тауқыметті мойнына артып, белін бекем бууына тура келді. Өзі қатар өрімдей қыздармен бірге қолына күрек ұстап, еңбекке ерте араласты.

— Соғыс басталғанда әкем мен ағаларым әскерге кетті. Анам жарықтық көрі еді, — деп есіне алады Нұрқамза апа. — Кімге арқа сүйейсің?! Сенетін ешкімім жоқ. Сөйтіп, өзім сияқты қыздармен бірге анамның орнына колхозға жұмысқа шықтым. Біз сол шақта әкелеріміз, ағаларымыз, ер-азаматтар соғыстан аман оралса екен, қарнымыз тоқ болса екен деп тіледік...

1929 жылы Аршаты ауылында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген апа осылайша тылдағы еңбектің қақ ортасында жүрді. Әкесі Мәжін 1942 жылы соғысқа кетіп, қаза тауып, қайтып оралмады. Анасы Үндемес ұжымшарда жұмысшы болды. Ал Нұрқамза апамызға, сол

кездегі кішкене қыз, Аршатыдан 4 сыныптық білім алып, 12 жасынан ұжымшар шаруасына араласуға тура келді. Үлкен ағасы Қалған 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, кейін сол жерден соғысқа аттанған. Оңтай мен Оралтай ағалары тылда еңбек етіп, басқыншыларға қарсы соғыстағы Ұлы Жеңісті жақындатуға барынша үлес қосты.

— Көктемде соқаға өгіздер жегіп, жер жыртық. Жаз уақытында таң атпастан тұрып, қолмен шөп шауып, оны жинап, шөмеле тарттық. Сөйтіп жүріп, екі аяғымыз тілініп, жарылып, тікен кіріп, қатты қиналатынбыз. Өйткені,

киетін аяқ киіміміз жоқ, — деп жалғастырады әңгімесін Нұрқамза апа. — Ол кезде аяғым ауырды деп еркелейтін заман емес, Отан үшін, майдан үшін заман еді.

Ертеңіне жалаң аяқ, жалаң бас, қайта жұмысқа кетеміз. Әрі ашпыз, барды қанағат етіп, жүрек жалғағанға қуанатынбыз. Қарнымыз ашқаны соншалық, түрлі шөп жеп, әл жинаймыз. Адам жеуге жарамды шөптер көп болушы еді. Бір қуаныштысы, ауырмайтын едік. Қазір ойлап қарасам, сол шөптер дәруменге толы болған екен. Соғыс кезіндегі жақсы еңбегімен көзге түскендерге қосымша азық-түлік беретін, сондықтан белсенділік танытуға тырысатынбыз. Ал ұжымшар жұмысынан қолымыз қалт ете қалса, қой-ешкінің жүнін иіріп, киім, шұлық пен қолғап тоқып, оны

майданға жіберетінбіз.

Жеңіс жайлы қуанышты хабарды ағасы Оңтай екеуі егістікте атпен астық сеуіп жүргенде естіп, қатты қуанғанын еске алады қария.

1957 жылы Нұрқамза апа отбасымен Сегір ауылына қоныс аударады. Сол жердегі «Панфилов» ұжымшарында сауыншы және төлдерді күтуші болып еңбек етеді. Кейін бұл ұжымшар «Черняховский» кеңшары болып өзгертіліп, Нұрқамза апа бұл жерде 1960 жылдан 1980 жылға дейін кеңшар контторында еден жуушы болып жұмыс жасайды. Еңбек жолында тек алғыс пен құрмет грамоталарын иеленген әже Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін және Ұлы Жеңістің мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Бүгінде 5 баланы тәрбиелеп, өсіріп, олардан 8 немере, 2 шөбере сүйіп отыр. Өкінішке орай, тағдырдың жазуымен екі ұлы қайтыс болып кетті. Қазіргі таңда қария ұлы Талғат пен келіні Алмагүлдің қолында бақытты көрілік кешуде. Қарт әже қазақ басылымдарын, оның ішінде аудандық «Арай» газетінің әр санын тағатсыздана күтіп, бірінші бетінен соңғы бетіне дейін түгел оқып, аудан жаңалықтарынан хабардар болып отыратынын жеткізді. Сонымен қатар, Нұрқамза апа Фариза Оңғарсынова, Мұқағали Мақатаев, Оралхан Бөкеев сынды қазақ жазушы-ақындардың шығармаларын сүйіп оқитынын айтты.

Ғасырға жуық өмір сүріп, ғұмырында қиыншылықты да, қуанышты да қатар көрген ананың тек жалғыз тілегі бар. Бүгінгі бейбіт өмір енді ұзағынан болып, ұрпағымыз біз көрген қиындықты көрмесе екен дейді.

Ал біздің парызымыз - соғыс және тыл ардагерлерінің ерен еңбегі мен ерлігін бағалап, аға ұрпақтың арқасында қол жеткізілген тыныш өмірді сақтап қалу болып табылады.

Материалдарды даярлаған: Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.

Ақсу ауылдық округі әкімінің лауазымына үміткер

ЕСІМХАНОВ ҚАЙРАТ МҰҚТАРХАНҰЛЫ

1966 жылдың 29 тамызында туған. Білімі – жоғары. Семей зооветеринарлық институтын бітірген. Туған жері – Белое ауылы, Катонқарағай ауданы, Шығыс Қазақстан облысы.

Менің сайлауалды бағдарламам - Ақсу өңірінің әл-ауқатын жақсартуға және өркендетуге бағытталған.

Егер, мен Ақсу ауылдық округі әкімінің лауазымына сайлансам, өзіме берілген мүмкіндікті пайдаланып, аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешуге бар білімім мен тәжірибемді пайдаланамын.

Менің негізгі бағдарламам:

- экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық;
- ауылдарды көркейтіп, тазалығын сақтау және көгалдандыру;
- ауыл тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету;
- шағын және орта бизнестің дамуына қолдау көрсету;
- халықты жұмыспен қамтуға жағдай жасау;
- салауатты өмір салтына, мәдени шараларды өткізуге ықпал ету;
- егде адамдарға қысылтаяң кездерде көмек көрсетуді өз парызым деп санаймын.

Бағдарламамды іске асыру үшін ең бастысы халықтың қолдауына ие болу керек екенін сезінемін.

Құрметпен, Қайрат Есімханов.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АКЦИЯ ӨТКІЗІЛУДЕ

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, атыс қаруы мен жарылғыш заттарды қолдана отырып жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 2016 жылғы 15 сәуірден бастап республика аумағында халықта заңсыз сақталудағы атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша акция өткізіледі.

Ерікті түрде заңсыз сақталудағы атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды тапсыру бойынша жергілікті учаскелік полиция инспекторларына, Катонқарағай АІІБ-нің азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау бөлімшесіне барлық сұрақтар бойынша хабарласуыңызға болады.

Баубек Тілеудинов,
Катонқарағай АІІБ-нің ОПБ АҚҚАБТ аға инспекторы, полицияның аға лейтенанты.

■ Саламатты Қазақстан - 2030

ЖЫЛЖЫМАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕШЕН - КАТОНҚАРАҒАЙДА

Катонқарағай аудандық ауданаралық ауруханасымен жасасқан келісім-шарт негізінде Семей медициналық диагностикалық орталығының бір топ мамандары біздің өңірде жұмыс жасап жатқандығына жарты айдан астам уақыт болды. Іс-сапарларының алғашқы аптасында Катонқарағай ауылында тұрып, тұрғындарға тегін медициналық қызмет көрсеткен дәрігерлердің қызметтеріне жалпы халық риза.

Таң алакеуімнен кезекке тұрып, өздеріне қажетті дәрігерлеріне қаралуға қол жеткізген жерлестеріміздің көпшілігі семейліктердің кішіпейілділігі, мәдениеттілігі, біліктілігі жөнінде әңгімелейді. Бүгінде олар ауданның ең түкпіріндегі, шекара шетіндегі Өрел ауылдық округінің тұрғындарына өз қызметтерін ұсынуда. Мұнда да олар көпшіліктің ыстық ықыластары мен алғыстарына ие болуда. Өрелден

на риза. Тұрғындар жол жүріп шаршамай, Өскеменге немесе Семейге барып келуге шығынданбай, білікті медициналық қызметті тұрғылықты жерлерінде тегін көріп отыр. Ауыл халқы үшін бұдан артық көмек, бұдан артқан қамқорлық болар ма, - десе, катонқарағайлық Бердібек Әпсаләмов:

-Өзімді көптен күмәнді етіп жүрген сырқатыммен дәрігер-терапевтке қаралдым. Ол диагнозымды дәлмеді қойып, ем тағайындап берумен бірге аурулардан сақтану жолдарын да айтып, ақыл-кеңестерін де аямады. «Жақсы сөз-жарым ырыс» демекші, оның берген ақыл-кеңесінің өзінен көңілім жадырап, қуаттанып қалдым. Ақ халаттылардың барлығында бірдей осы сияқты біліктілік пен жан жылуы болса ғой, - деді.

«Саламатты Қазақстан-2030» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Катонқарағайға іс-сапарлап келіп жергілікті дәрігерлерге обыр, қант

дәрігер-эндокринолог Гүлфира Сембаева, дәрігер-терапевт Назима

алып, ризашылықпен шығарып салды. Біздер, дәрігерлер үшін қарапайым



Мұқтарбекова, дәрігер-гинеколог Ш. Назырова, дәрігер-гастроэнтеролог Гүлмира Белгібаева, тіс дәрігері Сәтбек Мәсәлімов тағы басқалар.

Семейлік мамандар бір ғана Катонқарағай ауылында күніне 45-50 адамды қабылдап, барлығы 526 адамға бір емес, неше түрлі дәрігерлік қызмет көрсеткен. Олардың арасында бұған дейін анықталмаған қант диабетімен, жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратындар, асқазандарында жара, өт жолдарында, бүйректе тас бар науқастар бар.

Катонқарағай ауданаралық ауруханасының бас дәрігері Арқабек Қадырбаев жергілікті ауыл әкімдерімен бірлесіп, келген көмекшілеріне еңбек және тұрмыстық жағдайларды да жасай білген. Яғни, олар жатар және келушілерді қабылдайтын орындармен қамтамасыз етілген.

-Катонқарағайға бұл алғашқы келуіміз, - дейді топ басшысы Зәуреш Самарбайқызы.

-Табиғаттарыңыз да, адамдарыңыз да жақсы екен. Тек Семей жақтың климат жағдайына үйренген бізге бұл жақ салқындау болып тұр. «Саламатты Қазақстан-2030 бағдарламасы» бойынша бұған дейін Бесқарағай, Бородулиха, Тарбағатай, Ұлан, Абай, Абыралы аудандарына автопоезбен барғанбыз. Ол жақтың да халқы бізді жақсы қарсы

халықтың ризашылығына бөленуден артық марапат бар ма?

Катонқарағайшығыстағы шекарамыздың түбінде, үш бірдей республикалармен: Ресеймен, Монғолиямен және Қытаймен шектескен шері шалғай, жолы қиын аудандардың бірі. Жасыратыны жоқ, соған орай мұндағы халыққа қалалықтарға немесе қалаларға жақын тұрған елді мекендердің тұрғындарына қарағанда, дер кезінде заманауи медициналық құрал-жабдықтары бар емдеу мекемелеріне барып, білікті дәрігерлерге көрінуде, емделуде біраз қиындықтар бар. Сол олқылықтардың орнын толтырудағы Катонқарағай ауданаралық ауруханасының іс-тәжірибесі құптарлық. Яғни, ол бірнеше жылдан бері облыстағы жетекші хирургтерді Катонқарағайға әкеліп, жергілікті жерде әртүрлі дәрежелердегі оталарды жасаттырып жүр. Бұл тәсіл бір жағы - ауылдағы сырқаттарға тиімді болса, екінші жағынан - жергілікті хирургтерге дайын тәжірибе, үлкен сабақ. Семейдің диагностикалық орталығымен келісім-шарт жасасып, жылжымалы медициналық кешенді 550-600 километр жерге әкелуді де А. Қадырбаевтың өз халқына жасап отырған жақсылығы демей, не дейміз.



кейін семейлік дәрігерлер Аққайнар, Белқарағай ауылдарына тұрақтап, бір-бір жұмадан сол округтердің тұрғындарына қызмет етпек.

-Менің жерлестерім, - дейді ауыл әкімі Еркін Көбешов, - халыққа жасап отырған мұндай қамқорлықтары үшін ең алдымен мемлекетімізге, одан кейін республикалық, облыстық, аудандық деңгейлердегі денсаулық сақтау қызметтерінің басшылары-

диабеті, жүрек-қан тамырлары, туберкулез сияқты қатерлі аурулардың алдын алуда нақтылай көмек көрсетіп жүрген топ басшысы Зәуреш Тұрысбекованың айтуынша, оның қарамағында он дәрігер, алты орта буын медицина қызметкерлері бар екен. Олардың барлығы тәжірибелі, өз істеріне де, анттарына да адал мамандық иелері болып шықты. Атап айтқанда, дәрігер-хирург Есенғали Өзбеков,

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСЫНДА ТОҚТАУ ЖОҚ

Бүкіл әлемді жайлаған экономикалық дағдарыс кезінде де біздің мемлекетіміз бірінші кезекте әлеуметтік нысандардың халыққа мінсіз қызмет көрсетуін, олардағы жағдайлардың қазіргі талапқа сай болуын басты назарда ұстап отыр. Бұған дәлелді алыстан іздеп те қажеті жоқ.

Мәселен, бұрынғы 27 мыңнан он екі мыңның ар жақ бер жағында халқы қалған біздің Катонқарағай өңірінде сол бұрынғысынша аурухана мен медпункттер, ауылдық дәрігерлік амбулаториялар ұсталынып, жыл сайын олар кезекпен ағымдағы жөндеуден өткізіліп келеді.

Биылғы жазда Катонқарағай ауданаралық ауруханасы бойынша жеті медпунктті ағымдағы жөндеуден өткізу жоспарланған болатын. Бүгінде олардың алтауында

құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мемлекеттік тапсырыстарды конкурста ұтып алғандардың ішінде ескі ғимараттарды қалпына келтіру ісінде бірнеше жылдан бері мол тәжірибе жинап, сапалы жұмысымен, елге, жерге деген патриоттық сезімімен танылған «Исатай» ЖШС де бар. Биыл ол Барлық, Коробиха және Шыңғыстай ауылдарындағы медпункттерді жөндеуді қолға алыпты. Тапсырыс беруші облыстық денсаулық сақтау басқармасының жергілікті жердегі өкілі А. Қадырбаевтың айтуынша, үш нысанда да құрылыс жұмыстары өз уақытында басталған. Сонымен бірге, олардағы жұмыс қарқыны жаман емес. Мәселен, Шыңғыстай ауылындағы сметалық құны бес миллионға жуық теңге тұратын медпункт үйінің құрылыс жұмыстары енді бір оншақты күннің ішінде толығымен аяқталмақ. Мұнда

негізінен тұрғылықты азаматтардан құралған бригада еңбек етеді.

көзбен көріп, жұмысымызды бақылап кетеді.



Өткен айдың онынан жұмыстарын бастаған Айдархан Нұрсапаров, Азамат Мұқашев, Архат Мүкенов, Дамир Талғатов, Ерболат Бөгістанов медпункттің шатырын шатырлап, сыртын қаптап, айналасын қоршап, ішкі қабырғаларын түзетіп, темірден есік қойған. Ендігі кезекте пластикалық терезелерді қойып, сыртқы табалдырықты орнатып, электрмен жылыту жүйесін жүргізу жұмыстары тұр.

- Құрылыс материалдарынан еш тапшылық жоқ, - дейді бригадир А. Нұрсапаров. - Күн аралатып серіктестіктің басшысы Ертай Кешілбаев келіп, мұндағы жағдайды

Өзірге тапсырыс беруші мен басшымыздан ондай ескерту алғамыз жоқ. Кейбір мәселелерді бірлесіп, ақылдасып шешіп келеміз. Е. Кешілбаев алғашқы күннен жұмыстың сапасын басты назарда ұстауды талап еткен. Сол талапты мүлтіксіз орындаумен келеміз.

Талап пен жауапкершілік бар жерде, жұмыстың да нәтижелі, сапалы болатыны белгілі. Олай болса, Шыңғыстай медпунктінің иелері мен ауыл тұрғындарын қолайлы медпункт үйімен қуантатын күн де алыс емес.

Материалдарды даярлаған Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.



МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДА ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕНГІЗІЛУІ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасын іске асыру мақсатында 2013 жылы мемлекеттік органдардың кадр қызметтеріне персоналды басқарудың озық әлемдік практикасына (Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Сингапур, Малайзия және т.б.) сәйкес, мемлекеттік органдардың кадр қызметтері жұмысының өнімділігін жоғарылатуға және ақпаратты алу мен өзекті етуге кететін уақыт және еңбек шығындарын қысқартуға мүмкіндік беретін «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесін енгізу басталған болатын.

«Е-қызмет» жүйесінің мақсаты – мемлекеттік қызмет істері министрлігі мен мемлекеттік органдардың кадрлық қызметін автоматтандыру, халықаралық тәжірибеге сәйкес мемлекеттік қызмет персоналын басқару болып отыр.

Бүгінгі таңда «электрондық үкімет» дамыған кезеңде «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі мемлекеттік органдардың кадрлық қызметін жүргізетін мамандар үшін таптырмас құрал. Жобаның маңыздылығы – бұл адами капиталды басқару жүйесі, тиімді кадрлық саясат және мемлекеттік қызметшілер этикасы.

Жүйені енгізгеннен қағаз құжатайналымын азайту көзделген, сондай-ақ кадрлық қызметтерге қандай да бір ақпаратты алуға жұмсалатын еңбек пен уақыт азайтылмақ.

«Е-қызмет» жүйесінде адами капи-

талмен жұмыс істеуді қолдаудың терең функционалы іске асырылған, олар: құзыреттілік, тәлімгерлік, бағалау, сауалнама жүргізу, конкурстар өткізу, аттестаттау, кадр резервін басқару және тағы басқа.

Жүйені іске асыруға ашықтық принципі енгізілген. Кез келген мемлекеттік қызметші лауазымының рөлдік уәкілеттігіне сәйкес жүйенің ресурстарына қолжетімдікке ие.

Аталған жүйе мемлекеттік қызмет саласындағы кадр саясатын тиімді іске асыру, оның ішінде жоғары мемлекеттік әкімшілік қызметшілер корпусына қатысты іске асыру мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың біртұтас жүйесіне және оны автоматтандыруға негізделген.

2015 жыл – жүйені әзірлеудің соңғы жылы болды, ал 2016 жыл жүйені толық іске қосуға арналған. Елімізде бұл жүйе Президент Әкімшілігінен бастап ауыл әкімдіктеріне дейін қамтуды көздеген.

Бүгінгі таңда облысымыздың барлық мемлекеттік органдары кадр мәселесіне қатысты барлық құжаттарды Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Бірыңғай көлік ортасы арқылы «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінде жүргізуде.

**Жаңыл Ахметжанова,
ШҚО бойынша Мемлекеттік
қызмет істері Департаментінің
бас маманы.**



«БЖЗҚ» АҚ 1418 ҚЫСҚА НӨМІРІН ІСКЕ ҚОСТЫ

Алматы, Қазақстан, 2016 жылғы 7 шілде – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қызмет көрсетуді жетілдіре отырып, салымшылар (алушылар) үшін байланыс орталығына қоңырау шалатын 1418 - қысқа нөмірін іске қосты.

Енді БЖЗҚ салымшылары (алушылары) күн сайын сағат 8:00-ден 20:00-ге дейін қысқа әрі тез жатталатын нөмірді тере отырып, Қорға қоңырау шалып, өздеріне керекті барлық сұрақ бойынша кеңес алатын болады.

Осы нөмірге ҚР кез келген ұялы байланыс операторының телефон нөмірінен және стационарлық (қалалық) телефоннан қоңырау шалу тегін әрі қолжетімді.

1418 нөмірі қалалық телефоннан тегін қоңырау шалынатын «БЖЗҚ» АҚ байланыс орталығының 8 800 080 11 77 нөмірімен қатар жұмыс істейтін болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру» ММ арқылы БЖЗҚ-ның құрылтайшысы әрі акционері болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «БЖЗҚ» АҚ-ның зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар жасау функциялары Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық Қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz).

**«БЖЗҚ» АҚ Баспасөз
орталығы.**

ТЕНДЕР!

«КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» ММ-СІ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ МЕНШІГІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕНШІКТЕГІ ҚОЛДАНЫЛМАЙТЫН НЫСАНДАРДЫ КЕЙІННЕН ӨТЕУСІЗ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫМЕН 1 ЖЫЛҒА СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА БЕРУ БОЙЫНША ТЕНДЕР ӨТКІЗЕДІ

Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі

Тендер 2016 жылдың 5 қыркүйегінде сағат 11.00-де

116 мекенжайы бойынша «Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-де өтеді.

ТЕНДЕРГЕ ҰСЫНЫЛАДЫ:

№1 Лот. Пайдаланылмайтын екі қабатты, кірпіш, жалпы ауданы 792,6 ш. м., бұрынғы көппәтерлі үйдің ғимараты. Баланс ұстаушы – «Катонқарағай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-сі. Орналасқан жері: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Бөкеев көшесі, 102. Нарықтық құны - 444 000 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы – 66 600 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз.

№2 Лот. Пайдаланылмайтын екі қабатты, кірпіш, жалпы ауданы 792,6 ш. м., бұрынғы көппәтерлі үйдің ғимараты. Баланс ұстаушы – «Катонқарағай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-сі. Орналасқан жері: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Бөкеев көшесі, 104. Нарықтық құны - 444 000 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы – 66 600 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз.

№3 Лот. Пайдаланылмайтын екі қабатты, кірпіш, жалпы ауданы 792,6 ш. м., бұрынғы көппәтерлі үйдің ғимараты. Баланс ұстаушы – «Катонқарағай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-сі. Орналасқан жері: ШҚО, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Бөкеев көшесі, 106. Нарықтық құны - 445 000 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы – 66 750 теңге. Техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз.

Тендер шарттары:

Объектілер шағын кәсіпкерлік субъектілеріне:

№1 Лот қонақ үй кешенін;

Лот №2 сауданы ұйымдастыруды;

Лот №3 кеңсе құру үшін ғимараттарды қайта жаңартуға беріледі.

2. Объектіні мақсатқа сай пайдалану.

Нысан шағын кәсіпкерлік субъектілеріне келесідей талаптарға сай беріледі:

1. Объектіні мақсатқа сай пайдалану;

2. Санитарлық-эпидемиологиялық және өртке қарсы қызмет талаптарын сақтау;

3. Аталған нысанда қызметті ұйымдастыру бойынша бизнес-жоспардың болуы;

4. Жергілікті атқарушы органдардың сұрауы бойынша есеп, анықтама және тағы басқа құжаттар ұсыну үшін беріледі.

Жеңімпазды анықтау өлшемдері:

1. Бұрынғы көппәтерлі тұрғын-үй ғимараттарын толық қайта жарақтау жүргізу, су мен жылумен қамту, көріз, сантехника, электр жүйелерін орнату, ғимарат алдын жылыту және өрлеу, аумақты аббаттандыру, балалар алаңын орнату, қоршау орнату, ішкі өрлеу жұмыстарын, электротехникалық жұмыстар, жылу жолдарын қайта жарақтау, жылу орындарын монтаждау.

2. Бизнес-жоспарға сәйкес, жаңа жұмыс орындарын ашу.

3. Эпидемиологиялық және өрт сөндіруді қадағалау органдарымен келісу.

4. Сенімгерлік басқаруға берілген күннен бастап, 12 ай мерзім ішінде жобада белгіленген қонақ үй кешені,

кеңсе, сауда объектісін ашу.

5. Сенімгерлік басқару кезеңінде нысанды күзету, санитарлық және өрт қауіпсіздіктерін, аумақты аббаттандыру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету.

6. Салықтық міндеттерді уақтылы орындау.

7. Нысанның бағдарын 10 жыл бойы (кемінде) сақтау.

8. Салық төлеуші ретінде ауданда тіркеу есебінде тұру (бір ай ішінде).

Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынады:

1) Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша тендерге қатысушы тендер жеңімпазы деп жарияланған жағдайда, оның жазбаша, ақпараттық хабарламада көрсетілген және тендерге қатысушының өзі ұсынған тендер талаптарында шарт жасасу міндеттемесін білдіретін мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендерге қатысуға өтінімді;

2) басқа құжаттардан бөлек желімделген конвертте тендерге байланысты құжаттаманы қоса бере отырып, жазбаша түрде тендер шарттары бойынша ұсыныстарды;

3) тендер жарияланған күннен кейін берілген анықтаманы берген күннің алдындағы үш айдан астам созылатын тендерге қатысушы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша банк (банк филиалы) алдында мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы банктің (банк филиалының) қол қойылған және мөр басылған (электронды цифрлық қолтаңба) анықтамасының түпнұсқасы. Егер әлеуетті қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, осындай банктердің әрқайсысынан анықтама ұсынылады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есебін;

5) салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе көрсетілген құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;

6) жарғының нотариат куәландырылған көшірмесін немесе салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны ұсына отырып, жарғы көшірмесін ұсынады. Шетелдік заңды тұлғалар құрылтай құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасымен ұсынады;

7) тендер жарияланған күннен кейін берілген, үш ай бұрын салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) тиісті салық органының қол

қойылған және мөрі (электронды цифрлық қолтаңбасы) бар анықтамасының түпнұсқасын немесе электронды көшірмесін;

8) мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысының депозиттік шотына кепілдік жарнаны аудару туралы төлем тапсырмасының немесе түбіртегінің (жеке тұлға үшін) түпнұсқасын;

9) тендерге әлеуетті қатысушы өкілінің, оның ішінде Қағидалардың 19-тармағына сәйкес кепілдік жарнаны енгізген өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдік паспортты (шетелдіктер үшін) немесе уақытша жеке куәлікті ұсынған жағдайда жарамды);

10) әлеуетті қатысушының ақпараттық хабарламада көрсетілген сенімгерлік басқаруға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

Жеке тұлға болып табылатын тендерге әлеуетті қатысушы Қағидалардың 25-тармағының 1), 2), 8), 10) тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәліктің, шетелдік паспорттың (шетелдіктер үшін) немесе уақытша жеке куәліктің көшірмесін;

2) дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін (дара кәсіпкер үшін) ұсынады.

Кепілдік тендер ұйымдастырушысының есепшотына төленеді: ЖСК: KZ94070103KSN1802000, БСК: KKMFKZ2A, банк атауы: ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті КНП: Кбе: 12; төлем алушы: «ШҚО, Катонқарағай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі; БСН: 060140010784 (банк қызметтері үшін төлемдер кепілдік жарнаның мөлшеріне кірмейді). Төлемнің белгіленуі –тендерге қатысу үшін кепілдік жарна.

Тендерге қатысушыға рұқсат етіледі:

1) Тендерге өзі немесе сенімхат негізінде өзінің сенімді өкілі арқылы қатысуға;

2) тендерге қойылған нысан, оны нақтылау туралы қосымша ақпараттарды тегін алуға;

3) нысанды алдын-ала қарап шығуға;

4) өзінің құқығы бұзылған жағдайда сотқа жүгінуге;

5) тендердің өтуінен 3 күн бұрын комиссияға жазбаша хат беру арқылы тендерге берген тапсырысын қайтарып алуға.

Тендерге қатысушылардың бизнес-ұсыныс берген конвертері өздерінің қатысуымен ашылады. Комиссия шешімімен ұсыныстары ең үздік деп саналған және тендерлік құжаттаманың барлық талаптарына сай келетін қатысушы тендердің жеңімпазы болып танылады.

Тапсырыс хабарландыру ақпараты баспасөз беттеріне жарияланған күннен бастап 2016 жылдың 02 қыркүйек күні сағат 11.00-ге дейін Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі 116 мекен-жайында қабылданады.

Қосымша ақпараттарды 8-72341-21675, 22309 телефондары арқылы алуға болады.



арналған он үш шақырымдық қашықтықта бәсекелес шақ келтірмесе, отыз шақырымдық аламанда Бұланқара (шабандозы тағы да Ершок Саханов) екінші келді. Ат жарыстың үш түрі де новоберезовкалықтарға жүлде сыйлады.

Ғабит Мүсіреповтің очеркі дәл осы жарысқа арналған болатын. Қазақ әдебиетінің классигі аламан бәйгенің қортынды кезеңінде жанкүйерлер тарапының күтпеген наразылығын айрықша атап өтеді: «...30 километрлік бәйгеде «Бұланқара» екінші болып құйрық тістесе келді. Отырған жұрт ду ете түсті:

— Озып келген көлденең қосылған ат! Көлденең қосылған ат! — десті. Ертеңіне: «Көлденеңнен қосылған ат екеу екен. «Бұланқара» — соның біреуін басып озып, енді біреуімен құйрық тістесіп қалып еді» деген лақап тарады. Тексере қалған адам болса анығына жеткен шығар. Ешкім тексермесе, шикілік болған екен деп ойлауға да болады...».

Бірқатар куәгерлердің сөзіне қарағанда, халықтың жарыстың әділ өткеніне күмән келтіруіне, наразылық танытуына аламанның жүлдегерлерін марапаттау салтанатындағы жеңімпаз аттың қунақы түрі де әсер етіпті. Расында, бабы келісті аттардың өзін бұрлықтыратын ұзаққа созылған ауыр бәйгеден кейін жеңімпаз жылқының шаршаңқы кейпі байқалмады.

Ленин атындағы ұжымшардың басқа жүйріктері іспетті Құланқараны да кездейсоқ тарту деуге болады. Алпысыншы жылдардың екінші жартысында Новоберезовканың көнекөз атбегісі Сәдуақас (Чауа) Мамырбаевтың қолында қаратөбел ат пайда болды. Алғашқы кезде жергілікті жұртшылық оны «Лесхоз» атап жүрді. Атауында тұрғандай, ұжымшардың төрағасы бұл атты Катонқарағай ауданы орманшыларының мініп жүрген сәтінде кездейсоқ көріп қалған болатын. Орман қызметкерлері үшін аталған аттың құны аса байқала қоймаса керек, олар жылқыны айырбастауға оңай келіседі. Ұжымшар жетекшісіне аттың бітімі алғаш көргеннен ұнайды. Ішкі сезім тағы алдаған жоқ.

Келесі көктемде Лесхоздың Үлкен Нарындағы аудандық жарыста тұсауы кесілді. Онымен бес шақырымға шапқан Бекен Раисов осы қашықтықтың мойындалған жүйрігі саналатын Васьякандан кейін келіп, екінші орынды иеленді. Екі-үш жылдық үзіліссіз дайындықтан кейін көптеген жарыстарға қатысып шыңдала түскен орманшының бұрынғы мініс аты сирек кездесетін, аламанда атақты Құланқара даңқымен танылған, алдына қылқұйрық салмайтын теңдессіз жүйрікке айналды. Оның жүлде қоржынында облыстық, аудандық жарыстардың әлденеше дүркін жеңістері болды. Тайжиреннен ерекшелігі, Құланқара сөреден ытырылып шыға сала ауыздығымен алысып, бар пәрменімен алға ұмтылатын. Бұл кезде шабандоз да жүйрікке амал қыла алмайды. Тұлпардың табиғат берген бұла күшін қандай қашықтыққа да ірқудің қажеттілігі болған жоқ.

Құланқараның Ленин ұжымшарындағы бірқатар бәйге аттарынан ерекшелігі, аяғын зақымдаудан аман өтті. Кәртәйіп жарыс жолын аяқтағаннан кейін де құрметпен өзінің жасын жасады.

САМОЛЕТ

Бұл алпысыншы жылдары болған еді. Ленин атындағы ұжымшар төрағасы бірде көлікпен бұрынғы Катонқарағай ауданы шаруашылықтарының бірінің аумағымен кетіп бара жатады. Жолдың шетінде кеңшардың қойы жайылып жүрген-ді. Үріккен қойды қайыру үшін отар жаққа астындағы атын шоқыта салған шопанды көргенде, Б.Кітапбаев

жылқы жүрісінен көзін аударма алмай қалды. Құмарлығын жеңе алмаған ол шопаннан атпен шауып өтуін сұрайды. Сонан соң жылқының аяқ алысы айрықша әсер қалдырғанын айтады. Тура жер бетімен ұшқан қанатты пырақтай. Мұндайды ат сы-



рына қанық азамат бұрын байқамаған еді. Ғажап жылқының иесімен әңгіме ұзаққа созылған жоқ. Көп уақыт өтпей жылқыны Новоберезовкаға құлынды биеге айырбастауға айдады. Осындай да ғажап атпен кеңшардың қойын бағады екен-ау! Бейнебір Құлбике ертегісіндегі сияқты. Бәлкім, қарт Алтайдың әйгілі қос түлегі — Ленин атындағы ұжымшар төрағасы Бошай Кітапбаев пен келешектегі сайыпқыран сәйгүлік Самолеттің кездесуі де кездейсоқ емес шығар! Алтайдың таңқаларлық бай да жомарт жері ақеділ ұлының игілігіне кең төсінде туған шын мәніндегі жүзден жүйрік шыққан сәйгүлігін сыйлады.

Бұл атқа Самолет деген айдар тағылды. Оны ұжымшардың тәжірибелі атбегілері, ақсақалдар Сәдуақас Мамырбаев пен Құлмұхамбет (Құлшан) Қайықов баптады. Самолеттің бір өзінде биік шоқтық пен мықты және мейіздей қатқан түзілім үйлесім тапқан. Жерге дейін шұбатылған құйрық-жалы жарыс кезінде желмен таласа желбірейтін. Түгі жиі кездесе бермес откүрең еді. Бойына лайық көсілетін ұзақ шабысы жылдамдығына жылдамдық қосатын. Куәгерлердің еске алуынша, Самолет сағатына жетпіс шақырымға дейінгі қашықтықты бағындырды. Жалпы, тұрқы биік жылқылар ұзақ қашықтыққа төзімділігімен ерекшеленбесе де, Самолеттің шыдамдылығы ерек еді.

Сол кездегі ат жарыстарының деңгейі көбіне көп облыс пен аудан ауқымынан аспайтын. Сондықтан, Самолет Өскеменнен ары ұзап шыққан жоқ. Облыстық бәсекелерде, оның үстіне аламан бәйгеде ұту табиғатынан туа бітті һәм жақсы жаратылған жылқыға ғана тиесілі бақ. Әр жарысқа бірнеше ондаған тұлпарлар қатысады, әрқайсысының иесі өзі баптаған тұлпарының озып келетініне сенімді де. Самолет барлық бәйгеде көмбеге бірінші жететін дағдысынан таңған жоқ. Онымен алғашқыда Шура Вшивцев, кейіннен Тоқан Зайкин шапты. Ұжымшардағы шабандоздардың атқа отыру мерзімі қысқа қайырылатын, өйткені әр кило салмақ үшін бітіспес күрес жүрді. Самолетке тақымы тиген соңғы шабандоздардың бірі Юра Оразаев сүйікті сәйгүлігін қазіргі кезде былай деп еске алады: «Самолет байсалды еді, шабандозға кедергі келтірмейтін. Алайда өзге жылқының озғанын қаламайтын. Егер Самолет алдында шауып бара жатқан жылқыны көрсе құлағын жымқырып алып жылдамдығын үдете, алға шықпайынша тыншымайды. Яғни, жаратылысынан жеңімпаз болып туған жылқы». Юрий Оразаев Новоберезовка орта мектебін бітіріп, Саратов ауыл шаруашылығы институты экономика факультетінің дипломын алды. Бүгінде зейнеткерлік демалыста.

Өкініштісі, Самолеттің бәйге алаңындағы ғұмыры келте болды. Жаттығулардың бірінде аяғынан ауыр жарақаттанды. Мал дәрігерлері ұзақ уақыт емдегенімен, Самолеттің зақымданған аяғы жазылмады.

Үлкен Нарынның жеңіс дәстүрін

Самолет жарақат алған соң Калинин атындағы ұжымшардың Солдатово ауылынан шыққан торы тұлпар жалғады. Шығыс Қазақстанда аламан бәйгеде үш жыл бойы оған тең келер жүйрік болмады. Түр-тұлғасы мен күш-қуаты ерекше, тұрқы да ірі, асыл тұқымды жылқы еді. Солдатоволық торымен Марат Қайрақбаев шапты. Калинин ұжымшарының төрағасы Николай Иванович Лозовой 1922 жылы туған, Ұлы Отан соғысының қатысушысы, 1966 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алып, 1973 жылға дейін ұжымшарды басқарды. Бұрынғы мәскеулік метро құрылысшысы Н.И.Лозовой бәйгеге немқұрайды қараушы еді. Бұл ретте оның орнын көп жылдар бойы орын басары болған, көпшілікті қазақ тілін терең білетіндігімен таңқалдыратын тәжірибелі шаруашылық ұйымдастырушысы, ат десе ішкен асын жерге қоятын Николай Петрович Толстых толтырды. Солдатоволық торы тұлпардың ұзақ жылғы тұғыры бұған дейін сөз болған Құланқараның дәуірімен алмасты. Осы жылдары Калинин ұжымшарында тағы бір қою түсті жылқы үздік өнер көрсетіп жүрді. Бұл атқа отырған Петр Зейферт екі жыл қатарынан Өскемендегі облыстық жарыста он шақырымдық бәйгені ұтып алды. Солдатоволық жүйріктерді Ағзаш Сахаринев баптады.

Самолет туралы әңгімемізді тәмамдар алдында Ленин ұжымшарының командасына енген тағы бір жылқы еске түсіп отыр. Бұл Мальчик атты шоқтығы аса биік емес, жылдамдығы жоғары және төзімді торы құнан болатын. Ұжымшар жетекшісі оны Катонқарағай ауданының Өрнек ауылынан байқапты. Самолеттің аяқталған дәуірін Мальчик алмастырды. Өскеменде өткен аламан бәйгеде солдатоволық чемпионның басты қарсыласы болып, жеңісті оңай бермеді. Алайда, Үлкен Нарындағы жарыстардың бірінде аңдаусызда тиген қамшыдан көзіне зақым келген жылқы көруден қалып, жарыс жолына шыға алмай қалды. Үлкен әлеуеті соңына дейін ашылмады. Ленин атындағы ұжымшардың туы астында өнер көрсеткен Мальчикке де, басқа аттарға да жүйріктердің жағдайы мен көңіл-күйін әрдайым терең түсінетін Мұрат Байқонақов мінетін.

БАС БАПКЕР

Б.Кітапбаев Ленин атындағы ұжымшарды үш онжылдық бойы басқарды. Осы жылдардың барлығында ол ат спортымен айналысудан шаршамады. Жылқышының баласы болған оған бұл өткініш ермек емес-тін. Егер осы тараптағы оның қызметін сараптар болсақ, отыз жылдың бедерінде

ұжымшарда даярланған жоғары дәрежедегі спорттық аттардың үш буынын бөліп айтуға болар деп ойлаймыз. Уақыттың белгілі бөлігін кейіптейтін әр буын осы кезеңде республикалық немесе облыстық деңгейдегі аламан-бәйгелерді үздіксіз ұтқан жүйріктердің төңірегіне топталды. Біз соңғы, үшінші, 80 жылдары жеңіске жеткен Тайжирен бастаған жиірлендердің буынына жатамыз. 60-70 жылдардың ішінде ұжымшарға аты шулы жеңістер сыйлаған екінші буындағы жүйріктер тобының бетке ұстары, сөзсіз Құланқара болды. Бұл жылдары оның қасында көптеген бәсекелерде сәтті өнер көрсеткен Бұланқара, жорға Желмая, орта қашықтықтың ұшқырлары қаракөк Санар, Васьяк және тағы басқа да жүйріктер болды. Бұл Ленин атындағы ұжымшардың әйгілі қараларының дәуірі еді. Ал біздің ойымызша, новоберезовкалық арғымақтардың бірінші буынында ең үздікке баланғаны — Ленин ұжымшарының ат спорты тарихында 60 жылдардың бірінші жартысының жарқын жұлдызы болған, өзінің нысынына толығымен сай келетін Самолет есімді сәйгүлік дер едік.

Әрине, бөліп алған буындарымыздың арасында бірнеше жылға созылған уақытша үзілістер болды. Бұл кезеңдерде ұжымшар атынан басқа да жақсы тұлпарлар өнер көрсетті. Республикалық, облыстық жарыстарда жеңіс тұғырынан көрінбегені рас. Алайда, бұлар да шабысына куә болған адамдардың жамында қалды. Әлбетте, ғаламат жүйріктер күн сайын туа бермейді. Б.Кітапбаев өз баяндамаларының бірінде, Қазан төңкерісіне дейін патша генералдарының Ертіс өзенінің бойымен Алтайға асыл тұқымды айғырларды әкеліп, жергілікті үйірлерге жібергенін айтқан болатын. Және көптеген жылдар өткеннен кейін ұжымшар атынан сынға түскен Құланқара, Самолет сынды бұрынғы Катонқарағай ауданының аумағында туған танымал сәйгүліктердің солардың тұқымы екеніне шәк келтірмейтін. Дегенмен, бір кездері бұл тұлпарларға Қазақстандағы ең танымал атбегі кездейсоқ кез болмағанда, оларға берілген гендік әлеует мүлдем болмас еді және өздерін көрсете алмас та еді.

Ұжымшарда көптеген жыл ішінде жылқымен тікелей шұғылданып, өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен орындаған атбегі-бапкерлердің бірнеше жаңа буыны өсіп шықты. Алайда, олардың арасында төраға ғана ауыспады. Егер заманауи спорт сөздігін қолданар болсақ, ол отыз жыл бойы бас бапкер болды. Ұжымшар үшін сынға түсетін барлық жүйріктерді өз күшімен жинақтаған жаттықтырушы-селекционер де бір өзі еді. Б.Кітапбаевтың жинақтаған тәжірибесі мен ғаламат ішкі интуициясы кездейсоқ көрген жылқының келешектегі чемпиондық жұмбағын тап басып танытын. Ленин ұжымшарының жылқы жарату орталығында Самолет, Құланқара, Тайжирен мен басқа да көптеген жүйріктер дәл осылай пайда болған-ды. Ұжымшар төрағасы атты баптаудың әдіс-тәсілін жетік меңгерген және оны атбегілерден де талап ететін. Атбегіліктің алғашқы әліппесін ол бала күнінде әкесі, Алтайдың атақты жылқышысы Кітапбай Мәжіковтан үйренді. Б.Кітапбаевтың әкесі 1942 жылы 44 жасында майданға аттанды. Соғысты 1945 жылдың мамыр айында Прага көшелерін фашистерден азат еткен кезінде аяқтады. Одер өзенінен өтуде көрсеткен батырлығы үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Хас жүйрікті тай кезінен тани білу талант. Көп адамға беріле бермейтін бұл қасиет Бошай Кітапбаевқа қонды. Сол себепті Үлкен Нарын ауданының Ленин атындағы ұжымшары отыз жыл бойы ғажайып сәйгүліктердің ұстаханасы болды. Мұндай шаруашылық Шығыс Қазақстанда, тіпті республика көлемінде одан кейін болған жоқ.

**Марат Кітапбаев.
Өскемен қаласы.**

Назар аударыңыз. КОНКУРС!

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын құрметпен атап өту мақсатында, баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» тақырыбы бойынша, алдағы тарихи оқиғаға арналған таңдаулы материалдарға ашық конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету, Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету. Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

- 1) «Үздік теледидар материалы»;
- 2) «Үздік радиоматериал»;
- 3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
- 4) «Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жұлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен омырауға тағатын белгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке де және ұжымдық негізде де қатыса алады.

Конкурсқа **2016 жылғы 1 маусымнан бастап 31 қазан мерзімі бойынша** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген Конкурс комиссиясы шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2016 жылғы 1 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекен-жайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Еңбекшілер көшесі, 10, 213-каб., «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады (байланыс тел.: (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50).

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz/ сайттары арқылы танысуға болады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Мектепте құқықбұзушылықты болдырмау, қылмыстың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы жылдық іс-шара жоспары жасалып, соған сәйкес жұмыстар атқарылды. «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбымен стенд безендірілді. Тұрғындардың арыз-шағымдарын және көрсетілген мемлекеттік қызметтерге ұсыныс пікірлер салуға арналған жәшіктер мекеменің көрнекті жерінде орналасқан, сонымен қатар қызмет этикасын бұзу фактілерін тіркеу журналдары ашылып, ілінді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында оқушылар арасында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Өткізілген іс-шараның мақсаты - ұстаздар мен оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру, жемқорлық деген не екенін түсіндіру.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Д. Құсайынова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кейбір мәселелері» тақырыбында ұстаздармен дөңгелек үстел өткізді. 6-8 сыныптар арасында А. Оразбаева «Қылмыс пен жаза», «Жемқорлыққа жол жоқ» атты сы-

нып сағаттарын өткізді. 6-9 сынып оқушылары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу - баршамызға ортақ



міндет» атты тақырыпта слайдтар жасап көрсетті. Пара алу, пара беру туралы мағлұмат бере отырып, келешекке сеніммен қарауға, елжандылыққа, оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағыт-бағдар беріп отырса, кейінгі ұрпақ құқық бұзушылыққа бармайды деген ойдамын.

М. Қанапина,
Мойылды негізгі орта мектебінің

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Жер сілкінісі кенеттен пайда болады және қас-қағым сәтте өтеді. Жер сілкінісі - бұл жер қыртысында немесе мантияның үстіңгі бөлігінде кенеттен болған қозғалыспен жарылыс нәтижесінде пайда болған және елеулі ауытқу түрінде үлкен қашықтыққа таралатын жер асты дүмпуі мен жер асты қозғалысы. Жер қыртысының траекториялық қозғалысын тудыратын жер сілкінісі өте жойқын болып келеді. Жер сілкінісінің барысында үйлер, жолдар, көпірлер, каналдар тоғандар мен басқа да ғимараттар, су құбырлары, канализация, электр беру жүйесіне зиян келіп, байланыс бұзылады. Тау жыныстарынан тау құлайды, адамдарды үрей билейді.

Жер сілкінісі кезіндегі міндеттер

Жер сілкінген сәтте сіздің ой-әрекетіңіз бен іс-қимылыңызға 5-10 секунд қана уақытыңыз бар. Осы сәтте үрейге еркіндік беріп, абдырып-сасып кателессеңіз, арты бақытсыздыққа әкелуі ықтимал. Өзіңізді де, өзгелерді де үрейлендірмеңіз.

Үйдің ішінде:

Сілкініс кезінде далаға жүгіріп шығуда немесе жер сілкінісінің яғни үйдің ішінен кетуді, пәтердің қай қабатта орналасуына байланысты шешуге тиіссіз. Егер сіз көп қабатты үйдің бірінші немесе екінші қабатында тұратын болсаңыз, далаға қашып шыққаннан кейін үйден аулақ тұрған жөн. Үшінші және одан жоғары қабаттардан қашып шығу қауіпті екенін естен шығармаңыз.

Сілкініс кезінде қауіпті және қауіпсіз жерлерді анық білген жөн.

Қауіпсіз жерлер:

Үйде (ғимараттың ішінде)

- 1)Босаға есік жақтауы
 - 2)Ішкі бұрыш
 - 3)Мықты қабырға
 - 4)Бел ағаш
 - 5)Ванна, тоңазытқыш
 - 6)Парта,стол,кереует
- Далада:
- 1)Ашық алаң
 - 2)Биік ғимараттардан аулақ

болу

3)Биік ағаштардан аулақ болу

Қауіпті жерлер:

1)Терезе жақтағы бұрыш

2)Биік ғимараттар

3)Биік ағаштар

4)Баспалдақ

5)Лифт

6)Жиһаздар

7)Шам жағу қауіпті

8) Соңғы қатардағы шеткі

бөлмелер

Далада:

1)Биік ғимараттар

2)Биік ағаштар

3)Электр жүйелері

4)Жер асты өткелі

Сілкініс басталысымен үй ішіндегі қауіпсіз деген орындарға тез жетуге тырысыңыз. Ішкі қабырғаның қауіпсіз тұсында үйдің ішкі бұрышында, есік жақтауларының ортасында, тіреуіш ашалардың жанына тұрсаңыз (шкаф іші кереует). Терезелер мен ауыр жиһаздардан алыс тұрыңыз.

- лифтті пайдаланбаңыз.

- есіктен далаға шыққан уақытта жанталасып, бір-біріңізге кедергі жасамауға тырысыңыздар.

- үйлерден электр бағаналардан аулақ тұрыңыз, электр сымына жақындамаңыз. - сілкініс кезінде үйге кірмеңіз. Автомобиль ішінде: - сілкініс басталған сәтте жүріп келе жатқан автомобильді ашық жерге тоқтатқан дұрыс.

- жолаушылар асып-саспай байыпты түрде транспорт ішінде отырып, жер сілкінісінің басылуын күткен жөн.

Келешекте болуы ықтимал күшті сілкіністердің құпияларымен жеке таныс болған жөн. Жер асты дүмпуінің болу себептерін, анық қай жерде болып, қалай таралатындығының қандай қосымша әрекеттерінің өзі де көптеген мәліметтер оқып-білу қажет. Екіншіден, тұрған халықтың апаттан сақтану дайындығы дәрежесі жоғары болуы тиіс. Тек осы шарттар орындалған жағдайда ғана зілзала апаттар адам өмірі мен халық байлығына айтарлықтай шығын келтірмейді.

Облыстық ішкі саясат басқармасы.

Террористік актілерді болдырмау жөніндегі халыққа арналған жадынама

Мүкият болыңыздар!

Үйіңіздің кіреберісіндегі, аулаларыңыздағы, көшедегі бөгде заттар мен адамдарды дер кезінде өздеріңіз ғана байқай аласыздар.

Қырағы болыңыздар!

Маңайдағы адамдардың жүріс-тұрысына, орынсыз жатқан иесіз мүліктер мен заттарға көңіл аударыңыздар.

Үйлеріңіздің **қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіздер:** кіреберісте домофонымен темір есік орнатыңыздар, жертелелер, үй шатырлары және техникалық ғимарат есіктерінің ашық - жабықтығын тексеріңіздер.

Көліктегі жолаушының күдікті жүріс-тұрысын **көріп тұрып, байқамаған сынай танытпаңыздар!** Сіздер көлікпен жүру қауіпсіздігін сақтауға толық құқыларыңыз бар.

Ешқашан, тіпті, өте қауіпсіз болса да, қандай да бір сақтау немесе басқа біреуге беру үшін біреудің қолынан зат алмаңыздар.

Адамдар аз (иесіз) жерде **күдік тудыратын затты тауып алу** сіздің сақтығыңызды әлсіретуге тиіс емес. Қаскөй адам оны бір нәрседен, біреуден қорыққандықтан тастай қашуы мүмкін.

Тіпті, сіздің жарылғыш құрылғыларын білетін жеке тәжірибеніз болса да, онымен бір нәрсе жасауға тырыспаңыз. Өздігінен жарылғыштар өте сезімтал және әккі болып келеді.

Күдік тудыратын затқа **жақындамаңыздар,** тіпті қол тигізбеңіздер, бұл - өмірлеріңізге өте қауіпті.

Балаларыңызға қауіпсіздік шараларын: бейтаныс адаммен көшеде сөйлесуге, үйде есік ашуға, жерде жатқан иесіз ойыншықты алуға, көзге түскен затқа жақындауға болмайтынын және т.б. **үйретіңіздер.**

ЖАЛЫНДАП ӨТКЕН ЖАС ЖҮРЕК...

Соңғы уақытта жастар арасынан өзіне жүктелген істі деңгелентіп кететіндерді сирек кездестіреміз. Ал, Рауан Мырзағалиев жөнінде сөз қозғасақ, тек біліктілік пен жүректілікті бойына жинаған ауыл жасы екенін байқайсыз. Белқарағай ауылдық округі әкімшілігінде атқарған ісінен Рауанның жақсы қасиеттерін көре білдік. Өзіне жұмыс барысында жүктелген іске тиянақты қарап, әркіммен тез тіл табыса алатын қасиеті барын ол дәлелдеген.

Бір басында бірнеше бағытта атқарылатын дін мәселелері, жастар саясаты, спорттық шаралар, төтенше жағдайлардың алдын-алу, алғашқы әскери есепке жастарды тарту сияқты істерді әкімшіліктің бас маманы-төлімгер Қайдаров Самарбектің жетекшілігімен жүргізе білді. Ол спорттың қай түрі болмасын, аса жоғары деңгейде меңгеріп, жоғары көрсеткіштерді бағындырған азамат. Қазір мәңгілік тұрағы болған Қоңқай тауының төбесіндегі көк байрақты алмастырып тұру да Рауанның міндеті еді.

Алғаш, 2015 жылдың 15 мамырында жұмысқа орналасқалы келгенде жүзінен жылылық шашып тұрған, инабатты да тәрбиелі жасты бірден

байқағанбыз. Жұмыс барысында етене жақын болып кеткен әкімшілік ұжымының әрқайсысы қазір Рауан туралы тек жақсы сөз айтады. Кішіпейілділік жасынан етіне сіңген жігіттің аз уақытта мол бедел жинағанына әркім-ақ куә. Екі тілді бірдей меңгерген Рауан жанындағы қызметтестерінің жай-жағдайын үнемі сұрап, біліп, бауырмалдылық көрсететін.

Кез-келген шаруаны шапшаң тындырып, атқарылған істі қиын-оңай деп бөлмей, тез арада жүзеге асыра қою - Рауанның өзіне ғана тән қасиет еді.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел, тегі, қайдан алсын кемегерді!» - деп, Ілияс Жансүгіров айтқандай, «қамшының сабындай» қысқа өмірі тез өтіп, бақылық болып кеткен Рауанның бейнесі бүкіл ауылдастарының, ұжымының көз алдында. Оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгілікке қалады. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын дейміз оған.

Белқарағай ауылдық округі әкімшілігінің ұжымы.

ТУРНИР

ЖЕРЛЕСТЕРІ ЕСКЕ АЛДЫ

Еркінбек Смағұлов - өз жерінің патриоты, ардақты азаматы, үлгілі отағасы болған. Дәл осы сөздер 13 тамыз күні дене шынықтыру – сауықтандыру кешенінде Еркінбек Мырзабекұлын еске алу құрметіне ұйымдастырылған стол теннисі турнирінің ашылу рәсімінде айтылды.

Турнирді ұйымдастырушы – Еркінбектің зайыбы – Гүлия Жантөкеқызы мен балалары.

Стол теннисі кездейсоқ таңдалып алынған жоқ, Еркінбек ұзақ уақыт бойы ауданның құрама командасының мүшесі болған, онан соң, осы спорт түрінің аудандық федерациясын басқарды, стол теннисінің дамуына, оны жастар арасында насихаттауға зор үлес қосты.

Еркінбек Мырзабекұлы Өрел орта мектебін бітірген соң Қарағандының мемлекеттік медициналық институтына оқуға түседі. Оны бітірген соң, дәрігер-эпидемиолог мамандығын алып, 13 жыл бойы ауданның санитарлық-эпидемиологиялық қызметін

туған-туысқандары, аудан имамы Шодихон Хидиров оның өте сүйікті, үлгілі әке, сенімді дос, жоғары білікті маман, талап қоя білетін басшы болғандығын атап өтті.

Турнирге ауылдың әртүрлі ауылдарынан және Өскеменнен келген 20-дан астам теннисші қатысты.

Қызу жекпе-жек нәтижесінде 18-29 жас аралығында Үлкен Нарыннан Медет Қырықпаев, 30-39 жас аралығында Катонқарағайдан Алтынбек Чайзадин, 40 және одан да жоғары жас аралығында Катонқарағайдан Аманжол Мейімқанов жеңімпаз атанды. «Ең жас ойыншы» аталымы бойынша Данияр Сайранбек (Өскемен), «Стол теннисінің ардагері» аталымы бойынша Арыстанбек Бадисолтанов (Үлкен Нарын), «Жеңіске деген жігері үшін» аталымы бойынша облыс орталығынан келген Юсуп Мұңғылбек, «Үздік техникасы үшін» аталымы бойынша Катонқарағайлық Алтынбек Чайзадин марапатталды. Көрермендер көзайымы жүлдесіне өскемендік Қайрат Бектұрғанов ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Е.Смағұловтың отбасы белгілеген бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Турнир аяқталған соң, Е.Смағұловты еске алуға арналған ас берілді.



Әкесі - Мырзабек аға

Жомарт Жақыпов.
Сурет автордікі.

Құттықтаймыз!



«ОблШығысЖол» КМК №7 ӘЖУ бастығы ЕЛЕУСІЗОВ ЖӘНІБЕК ҚАЙЫПҚОЖАҰЛЫН көпжылғы және мінсіз қызметі үшін Қазақстан Республикасының «Құрметті жолшы» кәсіби атағын алуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Алдағы қызметіне табыс, мықты денсаулық, өзі басқарып отырған кәсіпорнының гүлдене беруіне тілектеспіз!

Құрметпен, достары, әріптестері.

Шыңғыстай ауылының тұрғыны НҰРСАПАРОВ АЙДАР СЕЙТХАМЗАҰЛЫН мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Ұзақ ғұмыр, мол дәулет, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз!

Бүгінгі күн – бөлектеу күн, маңызды, Маңыздысы – бүгін туған жан ізгі! Елу мәрте Күнді айналған жұмыр жер, Саған бақыт тілеп тұрған тәрзіді. Тұсаулап мынау өмірдің асау ағынын, Көре бер әркез бақыты менен жарығын. Сау болып денің, арманға барлық жете бер.

Қуаныш саған сыйласын дейміз әр күні! - деген ізгі тілекпен: **бажаң – Нартай, қайынбиің – Гүлхат.**



Үлгі болған үлкенге де жасқа да, Сыйлар Сізді әріптестер, туған-туыс, басқа да. Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік, Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

Ізгі тілекпен әріптестеріңіз.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

ЖЕҢІЛДІКТЕР!!!

«Мир книг» канцеляриялық дүкенінде 10000 теңгеден астам сомаға мектеп құрал-жабдықтарын алғандарға **20 пайыз** жеңілдік жасалады!

Мекен-жайы: Үлкен Нарын а. Маяковский к-сі, 31. Огнев көшесінің қиылысында, «Болашақ» дүкеніне қарама-қарсы.

Телефон: 87476865191.

Үлкен Нарын ауылының орталығында **2 бөлмелі пәтер** сатылады (мектеп, балабақша, аурухана маңында). Пешпен және электр қуатымен жылытылады.

Сондай-ақ, **Катонқарағай ауылында 5 бөлмелі**, барлық шаруашылық құрылыстары (моншасы, көлік-жайы, жазғы ас үйі, бау-бақшасы) бар үй сатылады.

Бағалары келісім бойынша.

Телефон: 87772499778; 877754856899. 2-10-71 (Үлкен Нарын).

3 пәтерлі үйде 1 бөлмелі, пәтер сатылады. Жылы, қымбат емес. **Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Шолохов к-сі, 7/2.**

Телефондар: 87052636317; 87234121015; 87234121770 (18.00 сағаттан кейін).

Жалпы аумағы 80 ш.м. болатын **3 бөлмелі кірпіш үй** сатылады. Жағдайы жақсы, жиһаздалған, барлық шаруашылық құрылыстары, бау-бақшалық жері бар. Бағасы келісім бойынша.

Телефон: 2-94-80 (Үлкен Нарын). 87775192880.

5 бөлмелі еурожөндеуден өткізілген, ішінде санитарлық торабы (бөлек) бар үй сатылады. Моншасы, көлік-жайы, үлкен жер телімі бар. Сондай-ақ, үй жиһаздары сатылады.

Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Қабанбай батыр к-сі, 5 үй 2 пәтер.

Телефон: 2-19-88; 87058318067; 87783002309; 87751263898.

Үйлер сатылады. Жаңадан салынған моншасы, барлық шаруашылық құрылыстары бар. Сондай-ақ, МТЗ-52 тракторы (двигатель – 80 жаңа), КУН-ы, артқы күрегі, дән уатқышы (дробилка), сыйымдылығы 3 тонна (1,8 – 2 дана, доңғалақты) ыдыс, екі бас сауын сиырлар, флягалар, ағаш төсектер, шифоньер сатылады.

Мекен-жайы: Қаражал ауылы.

Телефон: 8(72341)2-75-64; 2-03-88, 8-747-456-02-71, 8-771-439-43-28.

Ауыл орталығында 5 бөлмелі, жиһаздалған үлкен үй сатылады. Орталықтандырылған су жүйесіне қосылған, пешпен және электр қуатымен жылытылады, ішінде санитарлық тораптары, барлық шаруашылық құрылыстары, моншасы, кірпіштен салынған үлкен көлік-жайы, бау-бақшалық жері бар.

Ғаламтор, WI-FI. ID tv орнатылған. Бағасы келісім бойынша, саудаласуға болады.

Үлкен Нарын а.

Телефон: 2-11-68; 87474984350.

Тогусов Толеухан Боженовичтің атына берілген кадастрлік нөмірі 05-071-022-408 жер үлескесінің мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Мойылды негізгі орта мектебінің ұжымы осы мектептің қызметкерлері Қалида Құмашеваға - анасы, Эльмира Тоқпаковаға - қайын енесі

Қамар Уәлиқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

2016 жылдың 15 тамызынан бастап Зырян - Үлкен Нарын - Катонқарағай бағыты бойынша аптаның дүйсенбі, сәрсенбі, сенбі және жексенбі күндерінде жолаушылар тасымалдау бойынша жаңа маршрут ашылды.

Зырян қаласынан шығу - таңғы сағат 7.00-де, Үлкен Нарыннан - 9.00-да.

Катонқарағайдан кері қайту - 13.00-де, Үлкен Нарыннан - 15.00 сағатта.

Анықтамалар үшін телефондар: 2-19-58 (автобекет); 87713534299.

«Черемоска негізгі орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына төмендегідей мамандар қажет.

- ағылшын тілі пәні мұғалімі 15 сағат; - психолог – 0,5 ставка; - тарих пәні мұғалімі – 10 сағат; - тәлімгер – 0,5 ставка; - биология пәні мұғалімі – 6 сағат; сағат; - информатика пәні мұғалімі – 3 сағат; - география пәні мұғалімі – 6 сағат; - электр-оператор – 2 бірлік; - химия пәні мұғалімі – 4 сағат; - есепші – 0,5 ставка. - физика пәні мұғалімі – 4 сағат;

Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі болуы қажет.

Телефон: 2-03-96.

«Ақсу орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

Орыс сыныптарындағы орыс тілі пәнінің мұғалімі 18 сағат, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі 5 сағат, биология пәнінің мұғалімі 16 сағат, математика пәнінің мұғалімі 17 сағат, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі 18 сағат, химия пәнінің мұғалімі 4 сағат, музыка пәнінің мұғалімі 4 сағат, бейнелеу өнері 4 сағат, алғашқы әскери дайындық – 3 сағат.

Біліктікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары және арнаулы педагогикалық білімі.

Мекен-жайы: Ақсу ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 43.

Байланыс телефоны: 8-723-42-20-778.

«Катонқарағай аудандық БЖСМ» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

- медбике – 1 бірлік. Қойылатын талаптар: - білімі медициналық, арнайы-орта; - жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс. Үлкен Нарын ауылы, Сіләмов көшесі 153, телефон 21457, 87051228809.

«Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебі» КММ-не 2016-17 оқу жылдарына төмендегідей мамандар қажет:

- бастауыш сынып мұғалімі - 2 бірлік (декреттік демалыстағы мұғалімдердің орнына); - тарих пәнінің мұғалімі - 1 бірлік (декреттік демалыстағы мұғалімнің орнына - 16 сағат). **Телефон: 2-08-96; 8777-853-19-58.**

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры М.Ә.Белдекбаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жанар Рахимбаева Газет нөмірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 2463 дана: «Арай»-1430, «Луч»-1033. № 7822